

Айыртау ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға тұрғын үй алу немесе салу үшін 2016 жылы көтерме жәрдемақы мен әлеуметтік қолдау ұсыну туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы N 5-44-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 қаңтарда N 3534 болып тіркелді

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" қаулысына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Айыртау ауданының әкімі мәлімдеген қажеттілікті ескере отырып 2016 жылға Айыртау ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға ұсынылсын:

1) өтініш берген сәтінде жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада әлеуметтік қолдау көтерме жәрдемақы;

2) өтініш берген сәтінде тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, маман өтінішінде көрсетілген, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау.

2. Осы шешімнің 1-тармағының күші ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын ветеринарлық пункттерінің ветеринарлық мамандарына қолданылады.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық
мәслихатының
XXXXIV кезекті сессиясының
төрағасы*

Н.Сердалин

*Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық
мәслихатының хатшысы*

Р.Тілеубаева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК